

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 маусымдағы N 519 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 қазандағы N 917 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының телекоммуникация саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 маусымдағы N 519 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 22, 214-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының телекоммуникация саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Қазақстан Республикасының телекоммуникация саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

"Байланыс операторларын қосу" деген 1.2-кіші бөлімде:
реттік нөмірі 1.2.7-жолдың 5-бағаны мынандай редакцияда жазылсын:

"2008 жылғы IV тоқсан".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*